

*Пәнді оқыту барысында
оқушылардың коммуникативтік
дағдыларын дамыту.*

Мазмұны

<i>Кіріспе</i>	3-6
<i>1.1 Коммуникативтік дағды .</i>	
<i>1.2 Коммуникативтік дағдының технологиясы .</i>	
<i>Негізгі бөлім</i>	7-35
<i>2.1 Акт пәнін оқыту барысында коммуникативтік дағдыларды қарастыру.</i>	
<i>2.2 Акт пәнінде коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру барысында әдіс – тәсілдерді тиімді қолдану.</i>	
<i>Қорытынды</i>	36
<i>Пайдаланған әдебиеттер</i>	37



«АКТ» пәні бойынша оқу бағдарламасының мақсаттарының бірі – тыңдаушылардың түрлі аудиториясымен тиімді қарым-қатынас орнатуға қабілетті азаматтарды дайындау. Осы мақсатқа жету үшін қажетті дағдыларды дамыту оқушылардың өз ойын еркін білдіре алатын ынталандырушы және қолдаушы орта қамтамасыз етумен бірге жүргізілуі қажет.

Коммуникативтік оқыту технологиясы дегеніміз - пікір алысуға негізделген әдістеме. Ал, адамдар тілді сөйлем түрінде қолданғанда ғана бірін-бірі түсініп, пікірлесе алады.




**Жаңартылған
оқу
бағдарламасы**

Тіл және білім
саласы бойынша
жүргізілетін
қолданбалы
курстардың
4 әрекеті:

- * **Тыңдалым**
- * **Айтылым**
- * **Оқылым**
- * **Жазылым**

Коммуникативті оқыту ұстанымы: тілдік дағдыларды дамыту



... бала әуелі тәжірибеге талпынып, нәрсемен танысып, сонан кейін сол нәрсе туралы сөйлесін, тыңдасын, жазсын, оқысын, тілге үйренсін.

Ж. Аймауытов

Айтылым дағдысы



*Айтылым дағдысы туралы ақпаратпен танысу
Оқушылардың функц. сауаттылығын қалыптастыру
қағидасы тур.ақпарат беру,айтылым дағдысы бойынша ой
бөлісу*

Оқушылардың функц.

*сауаттылығын қалыптастыру қағидасы бойынша ақпарат
алады.*

5.Мәтінмен жұмыс

Әдіс-тәсілдерді тәжірибеде қолдана отырып,меңгеру

20 мин

*Әдіс-тәсілдермен танысу,топта жұмыс жасау арқ.мәтінді
әдіс-тәсілдермен түсіндіру*

Мұғалімдер топта ақылдасады, өз ойларын ортаға салады.

6.Кері байланыс

«Қорытынды жасаушы»

«Миыңның суретін сал»


*Сабақ барысында алған ақпаратты қайта жаңғырту,
рефлексиялау*

Алған білімдерін жинақтау

Ақ параққа сурет салып,кері байланыс жасайды.


Жазылым дағдысы

Жазылым 4 дағдының ішінде оқушының нәтиже көрсететін, мұғалімнің өнім алатын дағдысы болып табылады. Кейбір оқушылар табиғатынан шапшаң болады да, тілді игеруде сөйлеуден, тыңдаудан ерекше қабілеттілік танытады. Ал, біреулері қабілеттері бола тұра бетпе-бет сөйлесу мен тыңдауға келгенде қиындықтарға кездесіп жатады, яғни тым жай қабылдайды.



Жазылым дағдысы қарапайым стратегиялардан бастау алады.

- *-шмай жазу;*
- *-сызбалар түсіру;*
- *-сөздерді құрастыру;*
- *-белгілеу;*
- *-көшіру;*



Оқылым дағдысы

Мазмұнын түсіну үшін оқу немесе көз жүгіртіп оқу – мәтіндегі жалпы идеяны түсіну үшін тез оқып шығу.

Нақты ақпараттарды табу үшін оқу – мәтін ішіндегі ақпараттарды тауып алу үшін оқу. Бұл дағдыда тұтас мәтінді түсініп оқу, мазмұнын білу маңызды емес. Мысалы, мәтіннен қажет пайыздық көрсеткіштерді, жылдарды немесе қажетті сөздерді тауып алу.

- **Детальді түрде оқу** – әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін мәтінді сөзбе-сөз оқу. Мысалы, келісімшарттағы талаптарды немесе нұсқауларды түсіну үшін сөзбе-сөз оқу.
- **Сөз мағынасын мәтіннен ажырату** – мәтін ішіндегі таныс емес сөздің мағынасын түсіну (болжау) үшін, оның айналасындағы сөздер мен сөйлемге назар аудару.
- **Мәтін құрылымын түсіну** – мәтін құрылымының ұйымдастырылуын түсіну. Мысалы, кіріспе бөлім, негізгі бөлім, қорытынды бөлім.
- **Болжай білу** – оқылым тапсырмасы алдында қолданылатын тәсіл. Оқушылар мәтінді оқымас бұрын оның мазмұны мен көтеретін мәселесі жөнінде ойланып, талқылап көреді. Ол үшін олар мәтін тақырыбына, оған берілген суретке қарап болжай отырып, сол тақырыпта өз білімдерін қолданады. Бұл тәсіл мәтінді оңай түсінуге көмектеседі.

- **Мәтін түрлерін ажырата білу** – сипаттау, хабарлау, талқылау.
- **Экстенсивті оқылым** – үлкен көлемді мақала немесе шығармаларды (роман, әңгіме) оқу.
- **Интенсивті оқылым** – мәтіндегі сөйлемдердің грамматикалық құрылымын, белгілі бір тақырыпқа арналған сөздерді талқылау үшін оқу. Мұндағы мақсат оқушылардың тілді дұрыс қолдана білудегі білімін арттыру.

Тыңдалым дағдысы



Тыңдалым дағдысы бойынша: негізгі ойды түсіну, ақпаратты анықтау, түсінгенін практикада қолдана білу бағаланады;

Осылардың ішінде басқа дағдыларды қалыптастырудың негізгі алғышарты – тыңдалым әрекеті болып табылады. Өйткені күнделікті өмірде оқушы көптеген ақпаратты сағат сайын естіп, көріп тыңдайды. Бірақ кез келген ақпаратты тыңдау арқылы түсіну сөйлеу әрекетін қалыптастырады. Егер оқушы өзіне керек мәліметті тыңдау арқылы тауып үйренсе, ол басқа үш дағдыны (айтылым, жазылым, оқылым), яғни айтылып жатқан мәліметті түсінеді; өз пікірін білдіре алады және басқалармен қарым-қатынас жасай алады; тақырыпқа қатысты деректі түсініп оқиды; көтерілген мәселеге өз көзқарасын жазбаша жеткізе алады.

Ал тыңдалым дағдысы дегеніміз не? «Тыңдалым – «аудирование» деген терминнің білдіретін мағынасы – «есту арқылы түсіну». Бұл айтылған не техникалық ақпараттарға жазылған аудио мәтіндегі сөздерді, сөйлемдерді тыңдай білудің нәтижесінде қабылдау және түсіну деген ұғым». Ал «Шет тілдерді игерудің жалпы еуропалық құзыреттері: зерттеу, оқыту, баға» кітабында тыңдалымға келесі анықтама берілген: «Тыңдалым кезінде тілді меңгерген тыңдаушы бір не бірнеше адам айтқан ауызша ақпаратты қабылдап өңдейді».

1. Тыңдалымның мақсаты оқушыны: аудиожазбаның мазмұнын түсінуге, белгілі бір ақпаратты қабылдауға, мәтін детальдарын түсінуге, айтылған ойды толық түсінуге, сөйлеушінің сөзін еш қиындықсыз ұғынуға, ауызекі, анық құрылмаған сөйлеу тілін өзге адамдардың көмегінсіз түсінуге, бұқаралық ақпарат құралдары мен телерадиобағдарламаларды еркін, түсініп қабылдауға, таныс және бейтаныс тақырыптағы сөйлесімнің негізгі ойын түсінуге, т.б. үйрету.

2. Тыңдалымға арналған белсенді жұмыс түрлері: оқушыларды қоршаған ортадағы кез келген ақпаратты тыңдау арқылы түсінуге бейімдеу керек. Ол үшін сабақ барысында түрлі белсенді жұмыс түрлерін пайдалану көп септігін тигізеді. Оқушыда тыңдалым дағдысын қалыптастыру үшін белсенді жұмыс түрлері өзекті, қызықты, әр түрлі болуға тиісті.

Тыңдалым дағдысын қалыптастыруға арналған белсенді жұмыс түрлері:

Информатика сабағындағы жаңа әдіс тәсілдер.



Білім беру саласындағы өзгеріс негізі оқушылар үшін білім мен дағдылардың теңдей дәрежеде екендігі, бағдарлама ерекшелігі оқушылардың алған білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, білімдерін өмірде қолдана білуіне басты назар аудару болып табылады.

- 1. Өзгеріс енгізу бағытында сындарлы оқытудың жаңа әдіс тәсілдерін, соның ішінде топтық-жұптық оқытуда жүйелі жүргізу арқылы оқушылардың оқу белсенділігінің артуына әкелетіні анықталды.
- 2. Іс-әрекеттегі зерттеу сабақтары арқылы мұғалім өз тәжірибесін өзгертуге, дамуын бақылауға, кері байланыс жүргізуде маңыздылығы анықталды.
- 3. Мұғалімдердің кәсіби қауымдастығы арқылы, іс-әрекеттегі зерттеу бойынша мұғалімдердің ынтымақтаса, сенімділік арқылы, нақты іс-әрекеттерді орындауда белсенділікпен бірлескен жұмыс дағдыларының қалыптасатыны анықталды.
- 4. Зерттеу барысында шығармашыл топ мүшелері өзара ынтымақтастығын дамытып қана қоймай, туындаған кедергілерді шешу жолында жан-жақты ақпарат алмасу мен жаңа тың ойлардың туындатудың, осы мәселе бойынша өзге тәжірибелермен бөлісу анықталды. Осы орайда мен мектептегі сабақ сапасының артуы арқасынды мектеп оқушыларының білім көрсеткіштеріндегі оң өзгерістердің нәтижесі іспеттес.



Информатика пәні сабақтарында топтық- жұптық- жеке жұмысты ұйымдастыру, Оқушыларды сыни ойлауына бағыттау, бағалау, алған білімдерін өмірмен байланыстырып қолдана алу бойынша берген деңгейлік тапсырмалары арқылы оқушыларды ойлауға, ізденуге, бірлесе жұмыс істеу, талқылау арқылы тақырыптың мәнін ашуға толық мүмкіндік берді.



Сабақ барысында жаңа технология элементтерін пайдалану барысында күтілетін нәтиже жаңа заманға сай ақпараттық мәдениеті мен құзыреттілігі қалыптасқан, өз ойын толық, нақты, мазмұнды жекізе алатын, инабатты, білімді, жан-жақты, өз елін сүйе білетін болашақ ұрпақты тәрбиелеу, қалыптастыру

«А,В,С»




А - сұрақ қояды.

В - жауап береді.

С – айтқан жауаптарды бақылайды, толық болмаса толықтырады.


Оқушылар топта үшеуден отырады. А — сұрақ қоюшы, В – жауап беруші, С — бақылаушы рөлін атқарады. Бақылаушы қажетті жерлерін түртіп алып, әңгіме соңында қорытынды береді.



«Айырмашылығы неде?»



Оқушыларға екі түрлі мәтін немесе екі түрлі сурет көрсетіңіз. Екеуінің арасындағы айырмашылықты анықтауды сұраңыз. Жауаптарын дәлелдеп отырулары керек.



«Алдын-ала берілген атаулар»

Мұғалім сабақ басында жаңа тақырып бойынша тақтаға бірнеше атау (терминдер) жазып қойып (3-4 атау), оқушыларға олардың мағынасы, мазмұны және өзара қатынасы мен байланысы туралы ойлануын сұрайды. Бұл жұмысты оқушылардың жеке, жұппен немесе шағын топ ішінде ауызша яки жазбаша (соңғысы тиімдірек) орындауы ықтимал. Содан кейін мұғалім бірнеше оқушының ойы мен пікірін тыңдауына болады.

«Артығын алып таста»

Оқушыларға сөздер немесе суреттер жинағын (сабақ тақырыбымен

байланысты) көрсетіңіз. Олар қай сөз немесе сурет қалғандарына қатысты емес екенін анықтауы керек.





Қорытынды

Жаңа педагогикалық технология - жаңа оқыту амалдары мен іс-әрекеттерінен ізденуді талап ететін, яғни, білім мен тәрбие берудегі ғылымның нәтижеге қол жеткізіп, жаңа ізденістерді ұтымды пайдалану арқылы жоғары көрсеткіштерге жету дегенді білдіретін ұғым. Қазақ тілін оқытуда пайдаланылатын маңызды технологиялардың бірі - коммуникативтік оқыту технологиясы. Бұл технология өзінің тиімділігін іс жүзінде дәлелдеп, көптеген мұғалімдердің тәжірибесінен орын алды. Коммуникативтік технологияда тілдік қарым-қатынас алдыңғы орынға шығарылады да, басқа жұмыстар осы бағдарға бағытталады. Қай сыныпта болмасын, оқытудың коммуникативтік мақсаты негізге алынады. Оқулық бағдарламасы оқушылардың өтілген тақырыптарға сәйкес ауызекі сөйлеу дағдысы мен шеберлігін қалыптастыруға және дамытуға бағытталған. Коммуникативтік / қатысымдық / әдіс оқушы мен мұғалімнің тікелей қарым – қатынасы арқылы жүзеге асады.